

Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 қарашадағы № 394 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 3 желтоқсанда № 3109 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 269 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 14.04.2020 № 269 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 27.03.2014 № 94 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 18.01.2016 № 16 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) 1, 2, 3, 4 қосымшаларға сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 27.03.2014 № 94 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Жақаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Оразбаев

КЕЛІСІЛДІ:

Мәслихат хатшысы

М. Мағжаев

05 қараша 2013 жыл

Тарбағатай ауданы
әкімдігінің 2013 жылғы
05 қарашадағы № 394
қаулысына 1 қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Тарбағатай ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Мектеп директоры
2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
4. Мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары
5. Интернат меңгерушісі
6. Кітапхана меңгерушісі
7. Әдістемелік кабинет меңгерушісі
8. Барлық мамандықтар мұғалімдері
9. Педагог-психолог
10. Қосымша білім педагогы
11. Педагог-ұйымдастырушы
12. Өндірістік оқыту шебері
13. Әлеуметтік педагог
14. Алғашқы әскери даярлық жетекшісі
15. Дене тәрбиесінің жетекшісі
16. Тәлімгер
17. Тәрбиеші
18. Музыкалық жетекші
19. Кітапханашы
20. Медициналық бике
21. Әдіскер
22. Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі
23. Қосымша білім беру ұйымының директоры

Тарбағатай ауданы
әкімдігінің 2013 жылғы

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Тарбағатай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Үйден әлеуметтік көмек көрсететін бөлімшенің меңгерушісі
2. Арнаулы әлеуметтік қызметтегі қажеттілігін анықтау және бағалау жөніндегі сарапшы-маман
3. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші
4. Күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер

Тарбағатай ауданы
әкімдігінің 2013 жылғы
05 қарашадағы № 394
қаулысына 3 қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Тарбағатай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Коммуналдық қазыналық кәсіпорын директоры
2. Коммуналдық қазыналық кәсіпорын директорының орынбасары
3. Қоюшы-режиссер
4. Суретші
5. Оркестрдің көркемдік жетекшісі
6. Ансамбль жетекшісі
7. Вокалды – аспаптар жетекшісі
8. Дирижер
9. Әдіскер
10. Әртіс
11. Балетмейстер
12. Хормейстер
13. Мәдени жұмыстарды ұйымдастырушы
14. Кітапхана директоры
15. Кітапханашы
16. Библиограф

Тарбағатай ауданы

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Тарбағатай ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Шешім 4 қосымшамен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 27.03.2014 № 94 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын директоры;
2. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын директорының орынбасары;
3. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын филиалының директоры;
4. Ветеринариялық пункт меңгерушісі;
5. Мал дәрігері;
6. Мал фельдшері.